

NEWS

OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

SERIES OF AGRICULTURAL SCIENCES

ISSN 2224-526X

Volume 6, Number 24 (2014), 46 – 48

**CHEMICAL MEASURES OF FIGHTING
AND DISSEMINATION OF QUARANTINE PESTS OF MELON FLY
IN SOUTH KAZAKHSTAN REGION**

B. B. Isabekov, M. E. Zhamkeyeva

Shimkent agrarian college, Kazakhstan

Key words: Melon fly, Nurell D ae, Carroll D, 15% Ec, "Farmer 749/753" varieties, insecticide, phenocalendar.

Abstract. This article presents the results of chemical control measures and the spread of quarantine pests of the melon fly of South-Kazakhstan region. Period of development of the pest is studied and the phenology calendar of the melon fly is constructed.

ӨОЖ 632.7:632.4:632.5

**ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНДА КАРАНТИНДІ
ЗИЯНКЕС ҚАУЫН ШЫБЫНЫНЫҢ ТАРАЛУЫ ЖӘНЕ
ОНЫМЕН ХИМИЯЛЫҚ КҮРЕСУ ЖОЛДАРЫ**

Б. Б. Исабеков, М. Е. Жамкеева

Шымкент аграрлық колледжі, Қазақстан

Тірек сөздер: Қауын шыбыны, зиянкес, Нурелл Д, к.э., Каролл Д, 15% э.к., «Колхозница 749/753» сорт, инсектицид, фенокалендар.

Аннотация. Қауын шыбыны – жалпы егіс танаптарында зиян келтіретін жәндік түрі. Қауын шыбыны кәдімгі итшыбынға ұқсас, түсі қоңыр келеді. Нақты айтқанда зиянкестер алқаптардағы қауындарды тесіп, жарамсыз жағдайға жеткізеді. Нәтижесінде егілген дақылдың жемісі бойында органикалық заттардың түзілуі нашарлайды, алынатын өнім сапасы төмендейді, шіриді. Бұл мақалада Оңтүстік Қазақстан облысында кездесетін қауын шыбынының таралу аймағы мен фенологиясы көрсетілген.

Кіріспе. Соңғы жылдарға дейін қауын шыбыны біздің республикамызға карантинді зиянкес болып есептелді. Бірақ кейінгі жылдары қауын егістіктерінде, жалпы оңтүстік аймақтарда бұрын-соңды кездеспеген «қауын шыбыны» зиянкесі пайда болып, қиыншылық туындатты. Нақты айтқанда зиянкестер алқаптардағы қауындарды тесіп, жарамсыз жағдайға жеткізді. Қауын шыбыны қандай зиянкес, қайдан келген, зияндылығы қандай және онымен күрес шараларын диқандардың басым көпшілігі білмеді. Кейбір диқандар зиянкесті ажырата да алмады. Сөйтіп осы жағдайлар қауын шыбынының зияндылығын арттуына әкеліп өндірілген өнім жарамсыз болып далада қалды. Диқандардың қолдан келер шарасы бомағандықтан, сан түрлі әдістер қолдануда. Жалпы зиянкестің географиялық таралу аймағы Еуропада Ресей, Әзірбайжан, Армения, Грузия мемлекеттері, ал Азияда Үндістан, Палестина, Солтүстік Иран, Ирак, Израиль, Ауғанстан және Өзбекстан мемлекеттері болып табылады.

Зерттеудің мақсаты. Оңтүстік Қазақстан облысының бақша дақылы егістік алқаптарында карантинді қауын шыбынының таралу аймағына зерттеулер жүргізіп, оның даму кезеңдерін анықтау.

Жұмыстың міндеттері:

- қауын егістік алқаптарда зиянкестің таралу аймағын анықтау;
- қауын шыбынының даму кезеңдеріне бақылау жүргізу;
- ЭЗШ анықтап, пайдаланған инсектицидтің тиімділігін бағалау.

Материалдар мен әдістер. Оңтүстік Қазақстан облысының егістік алқаптарында карантинді зиянкес қауын шыбынының таралу аймағына зерттеулер жүргізуде Бүкілодақтық өсімдік қорғау институтының әдістемесі бойынша жүргізіліп, жәндіктердің саны анықталды; Егіс алқабындағы зиянкес қауын шыбынына қарсы қолданылған инсектицидтердің биологиялық-шаруашылықтық тиімділігі (Алматы-Ақмола, 1997 Методические указания по проведению испытаний в растениеводстве) сәйкес жүргізілді.

Зерттеу нәтижелері мен жаңалығы. Оңтүстік Қазақстан облысында бақша дақылдарын өсіруде өнімділік деңгейі екі есеге дейін азайды. Бақша дақылдарының өнімділігі мен сапасының төмендеуіне негізгі себептер зиянкестердің көбеюі және соңғы жылдары пайда болған карантинді зиянкес қауын шыбыны белең алуы. Зиянкестің таралу аймағы мен зияндылық шегіне байланысты қолданылған инсектицидтердің шаруашылықтық тиімділігін анықталды. Қауын шыбынына қарсы химиялық күресу экономикалық тұрғыда тұжырымдалды.

Биылғы 2014 жылы қауын шыбыны зақымдаған егіс көлемі жылдан жылға атруда (1-кесте).

1-кесте – Оңтүстік өңірде қауын шыбынының таралуы, га

р/с	Қала және аудан атауы	Карантиндік объекті атауы	Көлемі, га
1	Арыс	Қауын шыбыны	10
2	Түркістан	Қауын шыбыны	10
3	Сарыағаш	Қауын шыбыны	135,5
4	Отырар	Қауын шыбыны	21
5	Шардара	Қауын шыбыны	26
6	Мақтаарал	Қауын шыбыны	600
	Жиынды		802,5

Кестеден көргеніміз бойынша қауын шыбынының таралуы, Мақтаарал ауданында 600 гектардан астам жерді зақымдаған. Ал жалпы облысымызда 802,5 гектар егістік карантинді алқапқа айналған. Бастапқы мәлімет бойынша бір өсімдіктегі жұлдыз құрт саны 9,4 дана болса, өнімділік 13,2 т/га құрады (2-кесте).

2-кесте – Дақылды үш жыл бойы ауыстырмай бір жерге егудің қауын шыбынының өршуіне және улы химикаттардың қауынның «Колхозница 749/753» сортының өнімділігіне әсері (2013–2014 жж.)

Тәжірибе нұсқасы	Бастапқы мәлімет, бір өсімдіктегі жұлдызқұрт саны /дана, өнім т/га		Бір өсімдіктегі жұлдыз құрт саны, жылдар бойынша % есебінде						Жеміс өнімі, т/га, жылдар бойынша % есебінде					
	саны/дана	т/га	I		II		III		I		II		III	
Бақылау (инсектицидсіз)	9,4	13,2	17,5	186,1	25,2	268,0	32,1	341,4	12,5	94,6	10,2	77,2	6,4	48,4
Нурелл Д, к.э. - 0,7л/га	–	–	2,7	28,7	3,4	36,1	5,3	56,3	17,8	134,8	17,4	131,8	18,2	137,8
Каролл Д, 15% э.к. 0,2л/га	–	–	1,8	19,1	2,7	28,7	3,2	34,0	20,1	152,2	20,4	154,5	20,4	154,5

Карантиндік зиянкес қауын шыбынына есеп жүргізу үшін алдымен жәндіктің биологиясымен толық танысып, қыстаудан шығатын сатысын, мерзімін анықталып, біздің жағдайдағы ерекшеліктері бақылауға алынды. Қауын шыбынының қыстан шығатын сатысы жалған қуыршақты егістік алқаптағы өсімдік қалдықтары мен топырақтың 25-30 см тереңдіктен сәуір айының екінші он күндігінде жүргізілді. Бақылау және тексеру жұмыстары егіс айналасындағы арамшөптерге жүргізілді. Өткен жылы қауын егілген алқапты тексеру нәтижесінде өсімдік қалдықтарынан бір қуыршақты, топырақтан екеу, және арамшөптердің қалдығынан бір қуыршақ анықталды. Қауын егіс алқабындағы зиянды жәндік қауын шыбынының даму кезеңіне бақылау жүргізіліп, фенокалендар түзілді (3-кесте).

3-кесте – Қауын шыбынының фенокалендары

Сәуір			Мамыр			Мамыр			Шілде			Тамыз			Қыркүйек			Қазан		
I	II	III	I	II	III	I	II	III	I	II	III	I	II	III	I	II	III	I	II	III
(O)	(O)	+	+	+																
			*	*	*															
				-	-	-	-													
						0	0	0												
								+	+	+										
									*	*	*									
									-	-	-	-								
												0	0	0						
													+	+	+					
														*	*	*				
															-	-	-			
																0	0	(O)	(O)	(O)

+ ересек шыбын, * жұмырқа, - жұлдызқұрт, 0 қуыршағы, (O) қуыршақтың қыстау сатысы.

Қорытынды. Зерттеулердің нәтижесі бойынша Оңтүстік Қазақстан облысында қауын шыбыны 802,5 гектар егістік карантинді алқапқа айналған. Бастапқы мәлімет бойынша бір өсімдіктегі жұлдыз құрт саны 9,4 дана болса, өнімділік 13,2 т/га құрады. Ауыспалы егісті енгізу және химиялық өңдеу нәтижесінде өнімділік 2-3 есеге артты. Қауын егіс алқабындағы зиянды жәндік қауын шыбынының даму кезеңіне бақылау жүргізіліп, фенокалендар түзілді.

ХИМИЧЕСКИЕ МЕРЫ БОРЬБЫ И РАСПРОСТРАНЕНИЕ КАРАНТИННОГО ВРЕДИТЕЛЯ ДЫННОЙ МУХИ В ЮЖНО-КАЗАХСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ

Б. Б. Исабеков, М. Е. Жамкеева

Шымкентский аграрный колледж, Казахстан

Ключевые слова: дынная муха, Нурелл Д. к.э., Каролл Д. 15% э.к., «Колхозница 749/753» сорта, инсектицид, фенокалендарь.

Аннотация. В статье представлены результаты химической меры борьбы и распространения карантинного вредителя дынной мухи Южно-Казахстанской области. Изучен период развития вредителя и составлен фенологический календарь дынной мухи.

Поступила 20.11.2014